

- «Екі жақты түсініктеме» күнделігі;
- «INSERT» стратегиясы;
- Тірек –сызба: А. Құнанбаев кім?
- «Адасқан әріптер» ойыны (тақтада сұрақтар беріледі, дұрыс жауабымен. Бірақ әріптер адасып, шашыраңқы күйде беріледі);
- «Екі жақты түсініктеме» күнделігі (өлеңнен үзінді оқу, үзінді жайлы пікір және мазмұнына сәйкес мақал-мәтел айту);
- «INSERT стратегиясы» бойынша өтілген сабақтан нені білгендерін, олар үшін не жаңа екенін анықтайды және нені білгілері келетіндігін айтады. Толтырылған карта бойынша пікір алысады. Бір-бірінің білімін толықтырады (Карточкаларды тарату);
- А. Құнанбаевтың «Көзімнің қарсы» әнін тыңдату.

Бағалау. (қоржынды ашып, ішіндегі дөңгелектерді санап жеңімпаз топты анықтау. Қоржындарды біріктіріп, атқоржын жасап жеңімпаз топқа сыйға тару).

VII. Үй тапсырмасы: өлеңнен үзінді жаттау, «Ат – ер қанаты» деген тақырыпта шағын шығарма жазып келу.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Айтмамбетова Б.Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – Алматы, 1991.
- 2 Мирсейітова С. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. 1998.
- 3 Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002.
- 4 Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1999.
- 5 Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы, 2002.

«КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ» ЖЫРЫНДАҒЫ КӨРКЕМ ШЫНДЫҚ ПЕН ТАРИХИ ШЫНДЫҚТЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Жарылқасынова Г.Б.

Ғылыми жетекшісі – **Мырзағалиева К.М.**

Аннотация. В данной статье рассматривается историческая и литературная правда в произведении Нысанбай жырауа «Кенесары-Наурызбай». Проанализированы и сравнены, научно конкретизированы исторические и литературные материалы.

Abstract. This article examines the historical truth and the truth in a work of literary Nysanbaev zhyraua "Kenesary-Nauryzbai." All materials science fleshed.

«Кенесары-Наурызбай» жыры – тарихи жыр. Бұл дастанды Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне бастан-аяқ қатысып, барлық оқиғаларды өзі көрген Нысанбай жырау Жаманқұлұлы шығарған. Нысанбай көлемді, тарихи-реалистік сипаттағы жырда Кенесары мен Наурызбайдың бейнесін батырлық эпос үлгісімен жырлап, ұлт-азаттық көтерілісінің соңғы кезеңін терең танып, үлкен ақындық шеберлікпен суреттеген.

Ұлт батырлары Кенесары мен Наурызбайдың психологиялық жағынан ең бір айқын айшықталған бейнесі жасалынған. Бұл жырды тарихшы ғалымдар да, жазушылар да өздерінің зерттеу жұмыстарында, шығармашылық қызметтерінде дереккөзі ретінде пайдаланған. Ұлт-азаттық көтерілісінің ішінде жүріп, оның жалынды жыршысына айналған Нысанбайдың аузынан тараған жыр аталған себептерге орай, тарихи жәдігер ретінде де, көркемдік ескерткіш ретінде де өте құнды дүние. Жыр алғаш рет 1875 жылы С. Жантөрин мен Т. Сейдалининнің аудармасымен «Записки Оренбургского русского географического общества» журналының 3-ші бөлімінде сөзі қазақша, әрпі орысша болып басылды, қазақ тілінде 1912 жылы Қазанда Университет баспаханасында Жүсіпбек Шайхисламұлы жинап жырлаған жыр нұсқасы «Қисса Кенесары и Наурызбай төре Қасым уғлы Қасым Абылайханов» деген атпен жарық көрді. Ә.Диваев жинаған Ж.Басығарин нұсқасы Х.Досмұхамедұлының алғы сөзімен 1923 жылы

Ташкентте, Н. Төрөқұловтың алғы сөзімен 1924 жылы Мәскеуде жарияланды. Бұл басылымдарда Нысанбай жырауға үлкен қиянат жасалды, көтеріліске тіл тигізіліп, мазмұн жағы мүлдем басқа арнаға түсті. Е. Ысмайылов пен Қ. Бекхожин Кенесарыға тіл тигізетін бұрмаланған жерлерді алып тастап, Нысанбайға тән үлгімен жырланатын нұсқаны 1940 жылы өздері құрастырған «Батырлар жыры» деген көлемді жинаққа енгізді.

Жыр Кенесары-Наурызбай көтерілісінің шырқау биікке жетіп, әлсіреген кезін, көтеріліс басшысы хан Кененің мұздай қаруланған патша әскерінің екпініне тойтарыс беруге шамасы жетпей, атамекенінен еріксіз кетіп, торға түскен жаралы жолбарыс күйін кешкен күйзелісін бейнелейді. Нысанбай жыраудың халық атынан қос батырын жоқтаған мұң-шерге толы зарлы жоқтау жырында көтерілістің, өзекті арнасын үлкен ауқымда қамтып, Кенесары, Наурызбай ерліктерін бұрынғы батырлар жыры дәстүрінде бейнелейді, эпикалық оқиғаға лирикалық сипат беріп, заман шындығын тебірене жырлайды. Жыр керемдік қуатымен ғана емес, тарихи деректі сипатымен де құнды. Тарихшы-ғалым Е. Бекмаханов атап көрсеткендей, жыр көтеріліске байланысты туған басқа шығармалардан озық, «жырда тарихи мәні бар жекелеген оқиғалар шындықпен баяндалады», шығармада суреттелген жайттар көтеріліс кезінде болған оқиғалардан алшақтап кетпейді. Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің ескі мұра атаулыға қарсы саясаты бұл бағалы тарихи жырды жарты ғасыр уақытқа дейін жылы жауып қоюға мәжбүр етті, еліміздің тәуелсіз мемлекет болуына байланысты «Кенесары-Наурызбай» жыры халқымен қайта қауышты. Нысанбай ақынның бұл жыры «Хан кене» жинағы (1993) мен «Қазақ халық әдебиеті» көп томдығының Кенесары-Наурызбай көтерілісіне арналған тарихи жырлар топтастырылған 17-томына (1996) енгізілді [1].

«Көркем шындық дегеніміз – өмірді образды түрде бейнелеп, оны озық көзқараспен, жоғары эстетикалық мақсат тұрғысынан терең ашу. Адам үшін маңызды деген жайларды типтік дәрежеге көтеріп, бейнелеу».

Нысанбай жырау «Кенесары-Наурызбай» жырының авторы болғандықтан шығармадағы кейіпкерлер әрекетіне араласпайды. «Әңгімелі өлеңге өзінің пішінін кіргізбейді. Өзі көлденең отырып айтқан айтушыдай бойын аулақ ұстап, шын істі жасырмай дәл айтады». Баспа бетін көрген жыр нұсқаларының соңында:

Елден бұрын Нысанбай,
Жоқ жұмбақты бастады.
Қобызы қалды қасында,

Түзеді бетті қашқалы, – деп жыраудың түн ішінде жаудың тосын шабуылына төтеп бере алмай үрей билеп, берекесі қаша бастаған қазақ қолының ішінде өзінің де болғанын білдіріп қоятыны бар. Сондықтан болар кейінгі нұсқаларда, нақтырақ айтсақ, «Кенесары-Наурызбай» жырының Қ. Қараев вариантында Нысанбай жыраудың Наурызбай төремен қатар жүргеніне куә боламыз. Жыр соңына қарай Наурызбай қырық жігітін қанаттандырып ұзақ арнауын айтады. Артынша ол енді үлгілі сөзінді сөйле деп Нысанбай жырауға кезегін береді. Сонда жырау қобызын сарнатып біраз толғайды, ханның келешегін болжап бал ашады. «Қаланың қазған орына арғымақ аттың жығылғанын», «Құсбегінің торына ақ сұңқар құстың ілінгенін» көреді.

Тыңдаушы қауым оның «Бусанған қан, бұрқылдаған шаңның ішінде қаһармандармен бірге жүріп, көп қиындық көрген» Нысанбай екенін жақсы білетін. Сондықтан соңғы нұсқаларда кейіпкер кейпіндегі жырау әрекеті ешкімге ерсі көрінбейді.

«Кенесары-Наурызбай» жырымен бірге Нысанбай есімінің де көпке жақсы таныс болғаны мәлім. Солай болса да, Нысанбайдың шыққан тегі, туған жері туралы жаңылыс пікірлер айтылып келді.

«Кенесары-Наурызбай» жырының туындыгері, Кенесары жауынгері әрі көтеріліс насихатшысы болған Нысанбайдың тағдыр-талайы жөнінде Е. Бекмаханов: «...Руы Керей. ...Кенесары өлген соң, Нысанбай Орта Азияны кезіп жүріп, 1870 жылы дүние салады», – деп жазыпты. 1993 жылы жарық көрген «Хан Кене» жинағындағы «Кенесары-Наурызбай» жырының алғы сөзінде Ә. Тәжібаев былай деп жазады: «Мұхтар Әуезов өте ірі тұлға және көреген ақын деп санаған Нысанбай XIX ғасырда өмір сүрген, көкшетаулық, Кенесары хан-

ның ең жақын достарының бірі, оның сүйікті жырауы». Басқа зерттеушілердің еңбектерінде Нысанбайдың өміріне қатысты деректер кездеспейді. Тек Ә. Қоңыратбаев қана оның Сыр бойының қазағы екенін ескертеді.

Дұрысы Нысанбай Жаманқұлұлы 1822 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Елі кіші жүз жетіру Керейт ішіндегі ашамайлы. Ал оның Кенесары жасағына қосылуы – 1837 жыл. «Кенесары-Наурызбай» жырының Қ. Қараев нұсқасындағы:

Нәсіл затым сұрасың,
Ашамайлы Керейтпін.
Он жасыма келгенде,
Қарыма қобыз ілгенмін.
Он бір жасқа келгенде,
Сөз мәнісін білгенмін,
Он екі жасқа келгенде,
Жақсының алдын көргенмін.
Он бес жасқа келген соң,
Кенесары, Наурызбай

Төрөні іздеп келгенмін, – деп келетін ақынның жастық шағынан мәлімет беретін жолдар шындыққа саяды. Демек, Нысанбайдың көтеріліс басталған тұста Кенесары қасында болғаны анық. Бұған дейін сыр сүлейлерінің дәстүрлі мектебінен өткен ол Арқаға келгеннен кейін де ақындық өнерін ұштай түседі. Көп ұзамай жас ақын төрөнің Сайдақ қожа, Көбек атты ақындарымен айтысқа түсіп, Орданың бас ақыны атанады. Кенесарының «Басығарадай батыр жоқ, Нысанбайдай ақын жоқ» деп беретін бағасы да көтерілістің бастапқы жылдарына дөп келеді [2; 77–78].

Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай», Досқожа ақынның «Қоштасу жыры», Күдеріқожаның «Қарқаралы тауымен қоштасу жыры», Көкбайдың «Абылай мен Кенесары», М. Сералиннің «Топжарған», Н. Ахметбековтің «Жасауыл қырғыны», Қ. Бекхожиннің «Науан», авторы белгісіз «Қарақас-Кенесары», «Наурызбай-Қаншайым», «Кенесары туралы жыр», «Саржан батыр» дастандардың бәрі – тарихи жырлар. Өйткені онда 1837–1847 жылдар аралығындағы Кенесары мен Наурызбай бастаған көтерілістің жай-күйі баяндалады. Яғни, тарихта болған ұлттық батыр бейнесі сомдалып, ол өмір сүрген дәуірдің жай-күйі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі баяндалады. Жер, ел және белгілі адамдар аттары аталады. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқышында»: «Тарихи жыр деп тарихта бар, мағұлым оқиғалар турасында өлеңмен шығарған сөздер айтылады. Қазақта өз тілінде жазылған тарих болмағанмен, қазақта болған оқиғалар, қазақтан шыққан адамдар турасында басқа жұрттардың тарихында жазылған мағлұматтар бар, халықтың өзінің есінен кетпеген қазақ басынан кешірген уақиғалары толып жатыр. Солар туралы өлең етіп шығарған сөздер болса, солар тарихи жыр болады», – деп атап көрсетіп, «Орақ-Мамай», «Абылай», «Кенесары-Наурызбай», «Ерназар», «Бекет» өлеңдерінің тарихи жыр екенін айтады.

Кенесары мен Наурызбай туралы жазылған тарихи ғылыми еңбектерді бір-бірімен салыстыра отырып оқыған кісі өмірде болған жайдың шындығы мен қоспасын айырып, тарихи шындықтың көркем шындыққа қалай айналғанына көз жеткізері анық. Жаппас руының бір бөлігі 1838 және 1843 жылдары Кенесары көтерілісін жақтап, оған қатысады. Кенесарыны тек Жаппас руының заурят хорунжий Жанғабыл Төлегенов пен Алтай Көбековтің қол астындағылар ғана қолдамайды. «Олардың ауылын 1845 жылы талан-таражға ұшыратты.

Кенесарының Жаппас руына тізе батыруына мынадай себеп болды: 1844 жылы осы Жаппас руынан зекет жинауға Наурызбайды 100 жасауылымен жіберген болатын. Бұл кезде жаппастықтардың Алтыбай мен Жанғабыл бастаған кейбір тармақтары патшалы Ресеймен тығыз байланыста болып, ішінара Қоқан хандығымен де сыбайласа араласты. Жаппастықтар Наурызбай мен жасауылдарын иіліп қарсы алып, өздеріне жүктелген зекетті жинап беруге уәде етіп, кешкі қонақасы беріп ауыл-ауылға бөліп қондырады. Түн ортасы ауып, жасауылдар ұйқыға кеткенде, заурят хорунжий өзінің жасақтарын жиып, Наурызбай мен оның жасауылдарын өлтіруге уәделесті.

Наурызбай жүз жасауылының 95-і қаза тапты...», – деп тарихшы Е.Бекмаханов жазды. Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанында да Жанғабылдың есімі аталып, еткен ісі паш етіледі:

Кіші жүзге сыя алмай,
Тастай қаштың жерінді.
Төлеген ұлы Жанқабыл,
Ерлікке мықты, сенімді.
Тоқсан кісінді өлтірген,
Алып па едің кегінді?

Нысанбай – халық басынан кешкен осы бір тарихи оқиғаны жырлаушы ғана емес, сол қимыл-әрекеттердің бел ортасында басынан аяғына дейін жүрген қатысушы қаһарманы. Сондықтан да ол бірде:

«Нәсіл затын сұрасаң,
Ашамайлы Керейтпін.
Он бес жасқа келген соң,
Кенесары-Наурызбай
Төрені іздеп келгенмін, – десе осы «Кенесары-Наурызбай» жырының соңында:
Өлең-жырға Нысанбай
Машһүр шешен, нар еді,
Бір естіген адамдар,
Сөзіне тағы зар еді.
Көзімен көріп сөз қылған
Соғыста өзі бар еді, – дейді.

Нысанбай жырында да, Нұрхан, Мұхамеджан поэмаларында да Кенесарының таңдаулы батырлары Иманның, Жәукенің, Төлебайдың (Жеке батыр), Ағыбайдың, Бұқарбайдың, Меңдібайдың, Дулаттың, Шәкірдің аттары жиі аталады. Бұл батырлар да ойдан шығарылған емес, өмірде болған адамдар. Иман – Амангелді Имановтың атасы болса, Жәуке Назарғұлұлы Батпаққара жерінде 1822 жылы туып, 1904 жылы қайтыс болған. Руы – Төлек.

Ағыбай – «Арғыннан шыққан Ағыбай», – деп Жамбыл Жабаев жырына қосқан, «Білмеген Ағыбайды ел болмаған», – деп Иса Байзақов өлеңіне арқау еткен Кенесарының әскери кеңесшісі әрі бас батыры болған Ағыбай. Кенесары мерт болғаннан кейін Ағыбай Ақмола облысының жеріне қоныс аударып, сонда Қайрақты деген жерде сексен үш жасында дүниеден өтеді. XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген «Ағыбай батыр» қиссасы мен 1985 жылы шыққан жазушы Жүсіпбек Алтайбаевтың «Ағыбай батыр» повесі осы кісінің ерлік жолына арналған.

Бұқарбай – Табын руынан шыққан батыр болса, Шәкір – торғайлық руы қыпшақ, Қитаба. Қитабаның ішінде Түйешке. Жангелдин ауданында «Шәкір тамы» деген там бар, Шәкір еліне келіп көз жұмған. Басқа батырлар да өмірде болған айтулы тұлғалар екенін

Е. Бекмаханов жоғарыда көрсетілген кітабында егжей-тегжейлі айтқан. Кенесары мен Наурызбай туралы жырлардағы жер атаулары да өзгертілмей алынған. М. Сералин «Топжарған» поэмасында:

«Майқара, Қарасайға бітер қалың,
Қошалақ семіртеді арғын малын.
Қаңтарда Жыланшықты қыстау еткен,
Жайлауға Торғай суын көктей өткен», – десе, Н.Ахметбеков «Жасауыл қырғынында»:
«Сазды Әйет, Сарыарқада Түйемойнақ,
Саржайлау, сабатына бие байлап...
Жағалап жан бауырлай Бестөбені
Ызғындай қызыл-жасыл көш келеді...
Жыланшық жайлауына жетіп қонды,
Жыландай ирелеңдеп, жылжып аққан...
Жайлауға Қошалақты қалап алды,
Хан ауылы Қарасайға қона салды», – деп жырлайды.

Қарасай, Қошалақ, Жыланшық – Торғай бойындағы, Әйет, Түйемойнақ, Бестөбе – Тобыл бойындағы елді мекендер. Түйемойнақ – қазіргі Денисов ауданы. Бұлардың бәрі тарихи шындық. Ақындар тарихи шындықты көркем шындыққа айналдарған. Әрине, суреткер болған жайды, оқиғаны, құбылысты сол қалпында ала салмайды. Оған шығармашы таңдай, талғай қарайды, бір құбылысқа екінші бір құбылыстың қадір-қасиетін, ерекшелігін, қуат күшін дарыта ойдан қосады, өзгертеді, толықтырады, дамытады, әсерлейді, әсемдейді, айшықтайды, көркем шындық тарихи шындықтан туындағанымен, оның көшірмесі болып қалмайды. Өмір құбылысы, автордың субъективті пікірі объективті шындыққа ұласады. Сөйтіп бір-бірімен жымдасып, кірігіп логикалық шындықты құрайды.

Кенесарының (1802–1845) өмірі мен қаһармандық істері жайында сөз етілген жырлар – өмірде болған тарихи шындықтан туындаған көркем шығармалар [3; 73-75].

Ер намысы – ел намысы, ел намысы – ер намысы! Кенесары өз басының қамы үшін емес, ел намысын ойлап, сол жолда күресті, сол жолда мерт болды. Сондықтан да ол ел жадынан өшпейді. Айбынды, асқақ, аяулы, арлы тұлғаның бейнесі жыр жолдарына айнала бермек.

Патша үкіметі 1822 жылы «Сібір қазақтары туралы Жарғы» шығарып, бұрынғы қалыптасқан хандық құрылым мен билік үлгілерін жойды. Қазақ елін ресейлік басқару жүйесіне көшіріп, біржола сіңіріп жіберуді көздеп білгенін істеп бақты. Қазақтың құнарлы топырақты, орман-тоғайлы аймақтарын иемденіп, Ақмола, Ақтау, Қызылжар, Көкшетау әскери бекіністерін салуы, Солтүстік, Шығыс Қазақстанның шұрайлы жерлерін алуы, алым-салықтың өсуі халық наразылығын тудырмай қоймады. Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық қозғалысын алғаш Ғұбайдолла сұлтан бастаса, кейін оны Саржан сұлтан, Кенесары, Наурызбай жалғастырды. Кенесары орыс пен қазақ арасындағы қарым-қатынасты, татулықты, бірлікті қалап, патшаға хат жолдағанымен, онысынан түк шықпады. Сондықтан да елін ысырып, қонысынан қуып, қонышынан басқан басқыншыларға қарсы шықпай қарап отыра алмады, намысқа мініп, қарсы ұмтылды. Сол намысты ер Кене Хан батырдың халық қадірлеп, жырға қосып, қастерлеген қасиеттері қандай еді?

Нысанбай:

Ақылы дария Кенекем,
Хан еді мойынсұнбаған, –
десе, Жүсіпбек Шайқыисламұлы:
Хан болды Кенесары Орта жүзге,
Жайылды әруағы өзге елге.
Хакім боп жеті жұрттан иығы асты,
Жарамас шөп шалуға басқан ізге.
Анасы Наурызбайдың бөлек еді,
Өзінің қатарынан зерек еді.
Дүниеден қайран ерлер өтіп кетті,
Қазақтың баласына керек еді, –деп жырлайды.

Хакім бұл жерде әкім деген ұғымда емес, дана деген мағынада айтылып тұр. Кенесары да, Наурызбай да өз қатарынан асып туған, ел қамқоры болған адамдар. Осы екі шумақтың мықтылығы соңғы тармағында жатыр. Шындығында да қазақтың баласына Кенесары мен Наурызбайдай намысты ерлер талай керек болды ғой!

Сондықтан да болар, Омар Шипин де:

Ерлігі Наурызбайдың ерен еді,
Хан Кене ақылдасқан зерек еді.
Ортада оба ағаштай терек еді,
Екеуі қапылыста өліп кетті,-
Қазақтың баласына керек еді, – деп Жүсіпбек ойын дәлме-дәл қайталайды.

Тарихшы Е.Бекмаханов: «Аңызға қарағанда, Кенесары тым кішкентай болып туыпты, оған ат қойған адам титтей нәрестені алақанына салып тұрып: «Өзі құрттай ғана екен, енде-

ше аты «Кене Сары» болсын» депті. [Бекмаханов Е. «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында». – Алматы: «Санат», 1994. – 55 б.], – деп көрсетсе, «Кенесары» жырында:

«Кене емес Кенже дейтін әуелгі аты,
Баламның Кенжесі деп, осы – арты.
Түсі сары күреңдеу болғандықтан,
Кенесары деуге де түскен сәті.
Кенедей шықшытында болған меңі,
Кене деп қалар елдің көрсе көзі.
Үлкен де, кіші де емес, күрең қызыл,
Жабысып тұрған бейне кене өзі
Біреу Кенже дейді екен, біреу Кене,
Екі аты ортақ болып бір өзіне,
Төртінші ұл – Наурызбай туылған соң,
Кенже деу лайықсыз өз көңіліне.
...Кене десе, кенедей өзі дағы
Кенедей жабысады іске орнықты»

[«Кенесары», «Бабалар сөзі», 29 т. 242 б.], – деп, жоғарыдағы аңызда айтылғанды растай түседі.

Кенесарының түрі, бет-әлпеті, бойы қандай адам болғаны жайында өзі көзімен көріп, араласқан Наурызбай Шегенов: «Кенесары орта бойлы, ашаң, таңқы мұрындау» кісі болғанын айтса [ҚР ҒА 25 қор, І-тізбе, 2/2-іс, «Бүлікші сұлтан Кенесары Қасымовтың іс-әрекеті жөніндегі жазбалар», Кенесарының бейнесін оны көрген адамдардың айтуы бойынша жазып алған Б. Салтабаев: «Кене хан арықша келген, орта бойлы, жуын мойынды еді. Оның жүзі қараторы, тартымды, көздері жалтылдаған, бүркіттікіндей қызыл және танауы делдіңкіреген еді. Кішірек мұрты және қалың, сары қоңыр шоқша сақалы бар. Ол аз сөйлейтін және өзін қаталдау, байсалды, үлкен бір бекзаттықпен ұстайды. Ол басына құндыз терісімен көмкерілген кішігірім тері тымақ киеді. Киімдерінің сыртынан түйе жүннен тоқылған сұр шекпен жамылып, оның ішінен кәмшат терісінен тігілген тон киеді. Жейдесі мен шалбары ақ матадан қолдан тоқылған» [Салтабаев Б. Қырғыз тарихының материалдары. ҚР ҰҒА қолжазба қоры], – дейді [4].

Өзінің сан ғасырлық қайғы-қасіретке толы тарихында қазақ халқы тағдардың талай тәлкегіне түсіп, көптеген оқиғаларды басынан кешірді. Сол тар жол, тайғақ кешулерден арып-шаршаса да, қажып-қансыраса да әрқашан қадір-қасиетін жоғалтпай, ар-намыс, абыройын төкпей шығып отырды. Соның бәрінде оған жігер қосқан, рухын көтеріп, арманын асқақтатқан халықтың еркіндікті, тәуелсіздікті аңсауы, соған деген ұмтылысы, құштарлығы еді. Осы өшпес рухани қасиет әкеден балаға мирас болып әрдайым алға жетеледі. Кенесары батыр бастаған көтеріліс те, жазылған тарихи жырлар да соның дәлелі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: «Атамұра», 2011.
- 2 Бисенбаев П. Нысанбай жырау // Ақиқат. – 2011. – №8. – 77–79 б.
- 3 Мырзағалиева К. Кенесары-Наурызбай туралы жазылған жырлардағы тарихи шындық // Ақиқат. – 2012. – №3. – 73–75 б.
- 4 Оспанұлы С. Қаһарман хан бейнесі мен қасиеттері.
- 5 Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы: «Жалын», 1993. – 448 б.
- 6 Асқарова Ә. Кенесары-Наурызбай // Жалын. – 2011. – №3. – 38–49 б.
- 7 Сүйіншіқызы Ү. Батыр туралы ақиқат // Ақиқат. – 2011. – №8. 70–76 б.
- 8 Нұрланова Г. Қазақтың соңғы ханы // Жаңа Сарыарқа. – 2007. – №2. – 64–66 б.
- 9 Асанов Т. Ереуіл атқа ер салмай // Түркістан. – 2013. – №7 (969).
- 10 Тулегенова Ш.И. «Кенесары-Наурызбай» жырының тарихи негіздері (Нысанбай жырау дастаны негізінде) // ҚМПИ хабаршысы. – 2012. – №1.